

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы тәрбиешінің ролі.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.01.2026СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/186880/>**Байташева Мәдина Саметқызы**

«Арманым» бөбекжай-бақшасы

Тәрбиеші

Баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда тәрбиешінің ролі аса маңызды. Тәрбиеші — баланың өмірінде ата-анадан кейінгі ең ықпалды тұлға. Ол баланың мінез-құлқының, құндылықтарының және дүниетанымының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ерте жаста бала айналасындағы ересектердің іс-әрекетін қайталау арқылы үйренеді. Сондықтан тәрбиешінің әрбір сөзі мен қылығы үлгі бола алады.

Тәрбиеші баланың бойындағы қабілеттерді байқап, оларды дамытуға жағдай жасайды. Ол баланы өз ойын еркін жеткізуге, өзгелерді тыңдауға және сыйлауға үйретеді. Сонымен қатар, тәрбиеші тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әділ әрі мейірімді қарым-қатынас баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Тәрбиеші ұжымда жұмыс істеуді, достықты және өзара көмекті үйретеді. Ол қиын жағдайда баланы қолдап, бағыт-бағдар береді. Баланың эмоциялық дамуы да тәрбиешінің кәсіби шеберлігіне байланысты. Мейірім мен түсіністікке негізделген тәрбие баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Қорытындылай келе, тәрбиеші баланың болашақтағы азамат болып қалыптасуына берік негіз қалайды.

Тәрбиешінің бала тұлғасын дамытудағы ролі өте маңызды, себебі ол тек білім беру ғана емес, сонымен қатар балаға моральдық және психологиялық қолдау көрсету, жан – жақты болып оның жеке қасиеттерін қалыптастыру, мәдени және рухани құндылықтарға тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Баланың тұлғалық дамуы мектепке дейінгі кезеңде ең қарқынды жүретіні белгілі, себебі осы уақытта бала психикасы әлі толық қалыптаспаған, оның ойлау, қабылдау қабілеті жаңадан дамып келеді. Осы кезеңде тәрбиеші балалармен түрлі ойындар, әрекеттер, шығармашылық жұмыстар

арқылы олардың жеке тұлғасын қалыптастырады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.